



С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек-

адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әр түрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күю, үсу, электр тоғы соғу, т.б. жатады.

Сынықтар:

- Бұл сүйек бүтіндігінің анатомиялық бұзылысы



Жарақаттық сынықтар
жарақаттың немесе
механикалық әсердің
нәтижесінде дамиды


Жарақаттық

Жіктелуі:


патологиялық

Патологиялық сынықтар
сүйектегі патологиялық
үрдістің нәтижесінде
дамиды (туберкулез, ісіктер)

Жарақаттық сынықтар бөлінеді:



ашық



жабық

Терінің басқада жұмсақ тіндердің
зақымдануына байланысты.

Сынықтардың симптомдары ж/е қасиеттері:

Жабық сынықтар

- ❖ Сықыр
- ❖ Сезімталдықтың жоғарылауы ж/е ауру сезімі
- ❖ Сынған аймақтың орналасуының ж/е формасының өзгерісі
- ❖ Қызметінің бұзылысы
- ❖ Сынған аймақта гематонаның ж/е ісіктің дамуы
- ❖ Сүйектің патологиялық жылжымалығы

Ашық сынықтар

- ❖ Ашық жара;
- ❖ Қан ағу;
- ❖ Жарақаттанған аймаққа сүйек бөлшектерінің енуі;

Сынық кезіндегі алғашқы көмек көрсету тапсырмалары

- ❖ Шокпен, ауру сезімімен, қан кетумен күрес;
- ❖ Жараға инфекция түсуінің алдын алу;
- ❖ Зақымданған аймақтың иммобилизациясы;
- ❖ Зардап шегушіні тасымалдауға дайындау.



ИММОБИЛИЗАЦИЯ

дененің жарақаттанған не сынған, ауырған жеріне қозғалмайтындай тез арада жағдай жасау.

Емдік
(тұрақты)

Транспорттық
(уақытша)

Транспорттық иммобилизацияның ережелері:


- ❖ Шиналар сенімді бекітілуі ж/е сынық аймағын жақсы фиксациялауы;
- ❖ Шинаны қоюда міндетті түрде, сынған аймақты сүлгімен н/е қандай да бір материалмен орап алу;
- ❖ Сынықтың жоғары ж/е төмен бөлігінен екі буынды фиксациялау арқылы, сынық аймағының қозғалысын шектеу;
- ❖ Сан сынықтары кезінде, аяқтық барлықбуындарын бірден бекіту (тізелік, сирақтабан, жамбас-сан)



Тасымалдаушы иммобилизацияны қолдану

Рұқсат етеді:

- ❖ Алдағы уақытта тамырлардың, нервтердің, сүйек сынықтарымен жұмсақ тіндердің зақымдалуын болдырмауға;
- ❖ Жарақаттық шоктың, қатты қан кетудің және инфекциялық асқынудың қауіптілігін төмендетеді;




Тасымалдаушы иммобилизация бірнеше сағатқа салынады, кейде бірнеше күнге де салынуы мүмкін, егер жеткізілетін стационар оқиға болған жерден алыс болса.

Сынықтар кезіндегі алғашқы көмек

Есте болсын - сынған сүйектерді біріктіруге болмайды, ашық сынық кезінде сыртта шыққан сүйекті дұрыстауға болмайды.

- ❖ Қан кетіп жатқанда ең бірінші қан тоқтату қажет.
- ❖ Ашық сынық кезінде (иммобилизациядан алдын) жарақаттың айналасын кез келген антисептикпен өңдеу керек және жараға стерильды таңғыш салу қажет. Егер мүмкіндік болса ауру сезімін басу керек.
- ❖ Сенімді транспорттық иммобилизациямен қамтамасыздандыру.
- ❖ Тасымалдау кезінде зардап шегушінің үстін жабу керек.
- ❖ Тез арада ауруханаға жеткізу.
- ❖ Жарақаттанған адамды зембілмен тасымаудау керек.

Сынған аяқ-қолдың иммобилизациясы:



Жедел көмек кезінде
қолданылатын шиналар:

Сатылы


Сымды

Фанерлі

Торлы

Күнделікті тұрмыстағы заттарды қолдану

Егерде оқиға болған жерде қолда ешқандай арнайы шина болмаса – мынадай тұрмыстағы заттарды қолдануға болады:




Тақтайлар; шаңғы, қамшы, фонар
пластинкалары, палками, туго
скрученной соломой.

Күнделікті материалды қолдану.

Шинаның салынуы :

- ❖ Тақтайшаны дайындау(фанерлер, таяқ, тақтай т.б.) ұзындығы тек сынған жерді емес бір буын жоғары бір буын төменді қамитындай болуы қажет.
- ❖ Осы тақтайшалармен зақымдалған аймақты толықтай қозғалмайтындай жағдай жасау.
- ❖ Бинтпен немесе материалмен (связанные косынки, полотенца, куски ткани) сау дене бөлігімен жақсылап бектіп таңу.



ИЫҚТЫҢ СЫНЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ

ИММОБИЛИЗАЦИЯ

Иық – бұғана мен шынтақ арасындағы сүйек.




Алғашқы көмекті екі адам атқаруы тиіс:

- ❖ бірінші адам жарақаттанған қолды ұстап тұрып, жайлап иықты тартады;
- ❖ екінші адам бір шинаны қолдың ішкі аймағына салады, қолтық асты аймағына дейін, ал екінші шинаны қолдың сыртқы аймағына салады, ол иық буынынан асып тұруы қажет;
- ❖ Шиналарды орналастырғаннан кейін, оларды байлап тастайды. Қолды үшкіл орамалға іліп қояды.


Білек сүйектерінің сынығы кезіндегі ИММОБИЛИЗАЦИЯ

- Бұл сынық шынтақ пен алақан сүйектерінің арасындағы сынық.




- ❖ Бұл жағдайда бір шинаны білектің ішкі жағына (алақан жағынан), екіншісін — сыртқы жағынан салады.
- ❖ Екі шинада шынтақ және саусақ сүйектері бекіп тұратындай бірдей ұзындықта болуы тиіс;
- ❖ Қолды шынтақ буынында бүгеді;
- ❖ Шинаның сыртынан 2-3 жерден бинтпен байлайды, саусақтарды байламай;
- ❖ Білекті алақанын ішке қаратып іліп қояды.

Білезік буының сынығының Иммобилизациясы



❖ Білезік буының сынығына күмән туғанда, тақтайшаның үстіне зақымдалған қолды орналастырып сол қалыпта таңып тастау қажет.


❖ қолды мойынға бинтпен немесе материалмен ілу керек білек салбырап тұрмау үшін.



Санның сынықтары кезіндегі ИММОБИЛИЗАЦИЯ:

Алғашқы көмек үш адамның көмегімен атқарылады:


- ❖ Бірінші адам зардап шегушінің аяқ жағына келіп бір қолымен өкшені, ал бір қолымен табанның сыртқы бөлігінен ұстайды ж/е шина салу барысында зақымдалған аяқты өзіне қарай ақырын тартады.
- ❖ Екінші адам зардап шегушінің кеудесінен ұстап тұрады, шина салу барысында қимылдап кетпеуі үшін.
- ❖ Үшінші адам шинаны салады;




Шина жоқ болған жағдайлар кездесе, науқастың жарақаттанған аяғын сау аяғына таңуға болады.

Тізе сынығы кезіндегі иммобилизация

Иммобилизациялау үшін екі адам қажет:



❖ Бір адам сан сүйегі сынған кезіндегідей зақымдалған бөлікті ұстап тұрады, ал екіншісі шинаны салады (шинаны салу тәртібі: санның ортаңғы бөлігінен бақай сүйектеріне дейін)



❖ Бір шина тізенің сырт жағынан салынады, ал екіншісі ішкі жағынан (шинаны санға, тізеден төмен және тобық-тізе буынынан жоғары аймақта бекітеді);

❖ Тізенің жоғарғы бөлігінің және тізе буынының сынығы кезінде шинаны сан сүйегі сынғандай салады.

Омыртқа сынығы.

Биіктен қатты күшпен құлаған кезде пайда болады көбінесе.



Белгілері: арқа бөлігінің қатты ауру сезімі аз қимылға қатты ауру сезімі. Зақымдалған омыртқа жұлынды қысуы немесе сынған жағдайда өткір ұшымен жұлынды зақымдауы мүмкін.

Алғашқы көмек:

- ❖ Тыныштық сақтауын өтіну
- ❖ Зақымдалған адамды арқсымен ұзын, тегіс, қатты бетке жатқызу (деревянный щит, тақтай)

Егерде тақтай немесе басқа зат болмаған жағдайда, абайлап сақтықпен науқасты ішімен жатқызып зембілмен тез арада ауруханаға жеткізу.

БОЛМАЙДЫ: науқасты отырғызуға және тұрғызуға.




Жамбас сүйектерінің сынықтары кезіндегі иммобилизация:

Симтомдары: зардап шегушінің қозғалысы кезіндегі кенеттен жамбас аймағындағы қатты ауру сезімі.


Алғашқы көмек:

- ❖ Науқасты қатты тегіс орынға жатқызу (қатты зембілдер н/е ағаштан жасалған қалқандар);
- ❖ Аяқты тізе ж/е жамбас-сан буынында бүгу, санды екі жаққа тарту (бақа қалпы);
- ❖ Тізе астына киімдерден, көрпешелерден биіктігі 25-30см болатындай валик жасап, орналастыру;
- ❖ Науқас сырғып кетуінің алдын алуда, фиксация жасалады;
- ❖ Шокқа қарсы іс-шараларды өткізу;



Жамбас сүйегінің зақымдалуы кезінде өте абай болу қажет, өйткені болмашы аяғының қимылы сүйектің орнынан ығысуына әкелуі мүмкін. Егер сүйек орнынан ығысса, жамбас сүйегінің өткір қырларымен ішкі ағзаларды зақымдауы мүмкін.

- ❖ Шинаны сан сүйегі сынғандағыдай салады;
- ❖ Егер шина болмаса, жамбас сүйекке киімді айналдырып қойып байлау қажет;
- ❖ Сосын зақымдалушыны ақырындап кең тақтайға салып, аяғы тізе буынында жай бүгілген және тізе астына киімді орап салу керек;
- ❖ Зардап шегушіні тек тақтаймен бірге тасымалдайды.



а) укладывание пострадавшего
б) положение пострадавшего